



ПРИОЗЕРСКИЙ

№22/510

02 июня 2017 года

газета издается с 26.06.2004 года

Вестник

УВАЖАЕМЫЕ ПРИОЗЕРЦЫ И ГОСТИ ГОРОДА! Приобретайте билеты на международную выставку «ЭКСПО-2017» в городском отделении АО «Казпочта»

**ҚАЗАҚСТАН – ДӘСТҮРЛІ ЖӘНЕ
ИННОВАЦИЛЫҚ ЗАТТАРДЫ, ЯҒНИ
ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ БІРІКТІРЕ
АЛАТЫН МЕМЛЕКЕТ**



**КАЗАХСТАН – СТРАНА,
ОБЪЕДИНЯЮЩАЯ
ТРАДИЦИОННЫЕ И
ИННОВАЦИОННЫЕ ЦЕННОСТИ**

Астана қ., 2017ж. 30 мамыр

Бүгін Көрме ұйымдастырушының кеңесінде «Астана-ЭКСПО-2017» ҰҚ» АҚ Басқарма Төрағасы Ахметжан Есімов Монако Князі Альбер II-нің Камергері Лорен Солермен кездесті.

Кездесу барысында Монако павильоны және 2017 жылдың 25 маусымында өтетін Монако Ұлттық күніне Альбер II-нің сапары дайындығына қатысты мәселер талқыланды.

«Менің ойымша, Монако павильоны ең көрікті павильондардың бірі болмақ. Соңғы аптаның ішінде мен ол жерге екі рет бардым. Монако - шағын болғанымен, өте танымал ел. Туристер Монако Князьдігінің павильонына қуана баратындарына сенімдімін», - деп атап өтті Ахметжан Есімов.

Монако Князі Альбер II-нің Камергері Лорен Солер өз кезегінде Көрме дайынды-

ғының жоғары деңгейін атап өтті.

«Құрылыс мерзімі мені және Елші ханымды таң қалдырды. Осыдан екі жыл бұрын біз Италиядағы Қазақстан павильонына тәңті болғанбыз. Ханзадамыз Қазақстанның дәстүрлі және инновацилық заттарды, яғни құндылықтарды біріктіре алатын мемлекет екенін атап өткен болатын», - деді Лорен Солер.

Жалпы ауданы 835 шаршы метрді құрайтын Монако Павильонының тақырыптық тұжырымдамасы «Болашақтың келбетін» көрсететін болады. Адам мен табиғат қажеттіліктерінің өзара байланысы және осы екеуінің арасында тепе-теңдікті орнату арқылы тұрақты энергияның жаңа моделін құру мүмкіндігін қарастыру павильонның негізгі тақырыбы болып табылады.

«Астана ЭКСПО-2017»
ҰҚ» АҚ ҚБД

г. Астана, 30 мая 2017 г.

Сегодня в офисе организатора Выставки Председатель Правления АО «НК «Астана ЭКСПО-2017» Ахметжан Есімов провел встречу с Камергером Князя Монако Альбера II Лореном Солером.

На встрече были обсуждены вопросы подготовки павильона Монако и визита Альбера II на Национальный день Монако, который состоится 25 июня 2017 года.

«Я думаю, что павильон Монако будет одним из самых красивых. За последнюю неделю я был там дважды. Монако – хоть и не большая страна, но очень известная. Уверен, что туристы с удовольствием посетят павильон Княжества», - отметил Ахметжан Есімов.

В свою очередь Камергер Князя Монако Альбера II Лорен Солер отметил высокую

степень готовности к Выставке.

«Я лично и госпожа Посол были восхищены такими сроками строи-тельства. Два года назад мы удивлялись вашим павильоном в Италии. Господин Принц отметил, что Казахстан – страна, которая может объединять традиционные и инновационные вещи (ценности)», - сказал Лорен Солер.

Тематическая концепция павильона Монако, общая площадь которой составляет около 835 кв. м., «Отражение будущего». Основной темой павильона является взаимосвязь человеческих потребностей и потребностей природы и возможности установления новой модели устойчивой энергетики посредством создания баланса между ними.

ДСО
АО «НК «Астана ЭКСПО-2017»

4-МАУСЫМ – МЕМЛЕКЕТТІК РӘЗІМДЕР КҮНІ

БІЗДІҢ ЕЛДІК БЕЛГІМІЗ



бастаған бүгінгі бокстағы ұландарымыз шаршы алаңның шаңын шығарып, ортаға жеңіспен көк байрағымызды көтеріп шығып келе жатқанда денең қуаныштан тітіркеніп, төбе құйқап шымырлап жүре береді. Бүкіл әлем бақылап отырған байрақты бәсекелерде «Алтын күн аспаны...» деп басталатын әнұранымыз шырқалғанда жан-жүрегің елжіреп, қанаңа сыймай кетесің. Адамның мерейін асқартатып, мақтанш пен қуаныш сезімін қоса сыйлайтын осындай шаттыққа толы сәттерде қазақ болып туғанына соншалықты шүкірлік қылып, Алла-таһалаға сансыз рахметінді арнайсың!..

«Біз Тәуелсіздікке аңсап, зарығып жеттік. Енді сол тәуелсіздіктің қасиетті белгілерін де ерекше қадірлеуіміз, қастерлеуіміз, құрметтей білуіміз керек. Әрбір азамат Қазақстанның Туын, Елтаңбасын, Әнұранын тұмардай қасиет тұтуы тиіс. Елдігіміздің сыналатын бір тұсы-осы», - деген еді Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев бір арнау сөзінде. Ту, Елтаңба, Әнұран – біздің елдік белгіміз, елдің құтты қасиеті. Қазақ-

стан – Туымен тұғырлы, Елтаңбасымен еңселі, Әнұранымен айбатты. Отбасында, мектебіндегі әрбір сабақта оқушылардың шығармашылығын, логикалық ойлау қабілетін, талғампыздығын білім, білік дағдылары, Отанға, мемлекеттік рәміздерге, елге деген сүйіспеншілігін арттырып, оқушыларды топшылыққа, мейрімділікке, адамгершілікке, Отан сүйгіштікке, батылдыққа, ел рәміздерін қастерлеуге тәрбиелеу мақсаты тұрады. Бұл ешқашан бұлжымайтын қағида болуға тиіс. Мемлекеттік рәміздер арқылы Тәуелсіз Қазақстан Республикасының халқы, оның ішінде жастарды адал азамат, патриотты жанкүйер ретінде тәрбиелеп шығару – білім ошағында әр ұстазының негізгі міндеті болса, бұл бала тәрбиелеп отырған ата-аналарға да артылар жүк. Отан отбасынан басталатынын есерсек, жоғарыда айтылған адами қасиеттер бала бойына тілі шыға бастаған сәттен жұға бастайды. Менің тұңғыш немерем Мұқасанға анасы екі жасынан бастап-ақ осындай нәрселерді үйрете бастағанын көргенде, шексіз риза болғанмын. Қазір алтыға толатын ол өзі білгенін інісі Әдинұрға үйрете бастаған. Міне, тәрбие тетігі қайдан бастау алуы тиіс.

Өз ұлтының, өз мемлекетінің ұлтжанды азаматы қайда барып, қайда жүрсін, ол ең алдымен өзгеге осы мемлекеттік нышандары арқылы мақтанш, мадақтануы қажет. Жергілікті жерлерде өтетін, тіпті шет ел мемлекетінде өтетін, әсіресе спорт сайыс-

тарында біздің Қазақстан спортшылары өзін таныстырған кезде Әнұраннан бастайды емес пе? Әнұранды орындау арқылы өзінің қай мемлекеттен екенін танытады. Иә, бұл сөзімізді осы жәйттен бастаған бір ғана мысал. Олай болса, әрбір адам ең алдымен өз халқының перзенті, өз Отанының азаматы болу керектігін екенін, ұлттың болашағы тек өзіне байланысты болатынын есте ұстауға тиіс. Кез-келген азамат желбіреген көкжалау арқылы ол жалпы азаматтың әлемге аяқ басып, өз халқының рәміздерін басқа халықтарға жақын да, түсінікті ете алды. Сондықтан әрбір ата-ана мен ұстаз жеткіншек ұрпаққа үйде де, сабақта да мемлекеттік нышандар туралы терең ой қозғап, сол арқылы болашақ өмірдің өнегелі тұлғасы болуға, оларды жан-жақты даярлауы қажет деп ойлаймын.

Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік рәміздері туралы алты жасар бала мен алпыстағы қарияның өзі нақты түрде біліп тұрса, әрине, бұл қуаныш. Қазіргі таңда еліміздің түкпір-түкпіріндегі балабақшаларда мемлекеттік рәміздер аясында мектеп жасына дейінгі балалармен сабақтар өтетінін байқап жүрмін. Сол дәрістер арқылы жас бүлдіршіндердің де бойына міндетті түрде патриоттық сезім дариды деп айта аламын. Өскеден ұрпақ Отан-Ананың киелі ұғымдарын әрқашан жадында сақтауы қажет. Жалпы біздің ұлттық тәрбиемізде адамгершілік, ар, ұят, намыс, адалдық, әділдік,

үлкенге құрмет сияқты адамдық қасиеттері айрықша орын алады. Бұл атамзаманнан жалғасып келе жатқан ең бір қажетті дәстүр. Бұл қағидалар адамдардың бірлесіп, тату-тәтті өмір сүруінің мызғымас негізін қалайтын белгілі. Олай болса мемлекеттің басты белгісі болып тұрған мемлекеттік рәміздерді білмегенге білдіртіп, танытқанның өзі – үлкен адамгершілік. Рәміздерді жатқа білу – әр қазақтың, тіпті елімізде тұратын өзге ұлт өкілдерінің басты міндеті. Егер, ол Қазақстан Республикасының азаматы болса – бірінші орында: Мемлекеттік рәміздердің ерекшелігін, авторларын білуге тиісі. Біз Қазақстанның патриот азаматы екенімізді мемлекеттік рәміздерді осылай таныту арқылы мақтан етеміз. Дербес те, тәуелсіз ел болу қандай бақыт! Осынау бақытты біздің ата-бабаларымыз ғсырлар бойы аңсаумен өтті. Осы жолда терін қанын төкті, тіпті жанын да қиды. Ата-бабамыздың алдында біздің өтейтін қарызымыз бен парызымыз жетерлік. Оны өтеу үшін әрбіріміз өз елімізді, оның халқын, бүгінгі әнгіміелеп отырған рәміздерімізді қадірлеп, құрметтейтін отаншыл болуымыз керек. Жайнап, жарқырап, гүлдей берсін, Қазақстаным – менің Отаным!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
ҚР журналистер одағының мүшесі,
ақын.

РӘМІЗДЕРІМІЗ – АЙБЫНЫМЫЗ

1992-жылғы маусым айының 4-ші жұлдызы Қазақстан Республикасы тарихындағы ерекше мәртебелі күн. Бұл күн еліміздің мемлекеттік рәміздері — Туы, Елтаңбасы, Әнұраны — дүниеге келген күн ретінде мәңгі есте қалады. Бұл күннің Қазақстан Республикасында Мемлекеттік рәміздер күні ретінде мерекеленіп келе жатқанына

ширек ғасыр толып отыр. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері тәуелсіздік нышаны ретінде ерекше қадірленіп, оларға биік мәртебе беріледі, сондықтан да мемлекет адамдарға мемлекеттік рәміздерді қастерлеуді парыз етеді. Қазақстандық патриотизм елдің нағыз патриоттарын қалыптастыратын құбылыс. Қазақстан патриоты,

біріншіден, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне: Туына, Елтаңбасы мен Гимніне ерекше құрметпен қарайды, мемлекеттік нышандарымызды шын ниетімен қадірлейді және оны басқалардан талап етеді. Сондықтан біз де өз еліміздің патриоты ретінде еліміздің елдік нышандарын қастерлеуге, құрметтеуге тиіспіз. Қазақстан Республикасы елімізде тұратын әр азаматтың туған жері, Отаны болып

табылады. Ал әрбір тәуелсіз мемлекеттің тәуелсіздігін білдіретін символикалық айырым белгілері – Мемлекеттік Рәміздер деп аталатынын барлығымыз білеміз.

Мемлекеттік Рәміздер белгілі бір мағына берерлік өзара үйлесімде орналастырылған жанды-жансыз заттардың бейнелерінен құрастырылады. Мұндай бейнелер үйлесімінен мемлекеттің, елдің арман-мұраты,

(соңы 2 бет)

Мемлекеттік рәміздердің қабылданғанына 25 жыл!

ЕЛІМІЗДІҢ РӘМІЗДЕРІ – ЕРКІНДІК НЫШАНЫ

2017 жылдың 23 мамыры күні «Приозерск қаласының №2 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-де ҚР Рәміздерінің 25 жылдығына арналған «Еліміздің рәміздері – еркіндік нышаны» тақырыбында салтанатты жиын болып өтті. Жиынға 1-11 сынып оқушылары, «Жас Ұлан» ұйымының 242 мүшесі қатысты. Салтанатты жиынға ҚР Мемлекеттік Туы енгізіліп, сапта тұрған оқушылар ҚР Мемлекеттік әнұранмен салтанатты жиынның пердесін ашты.

Жиынның көркі ретінде «Жас Ұлан» ұйымының мүшелері ұлттық киім киіп, Алаш ұландарының «Алаш ұраны» әнімен бастады. Шаңырақ бейнесін келтіре би билеп, көк байрақты төрге көтеріп, әсерлі көрініс көрсетті.

Жиын барысында «Жас Ұлан» ұйымының мүшелері мемлекеттік рәміздердің шығу

тарихымен таныстырып, олардың еліміз үшін маңыздылығы туралы, әр рәміздің элементтері туралы ақпарат берді. ҚР Конституциясының 34 – бабына сәйкес әркім республиканың мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге міндетті екені айтылды. Мемлекеттік рәміздер белгілі бір елдің өзіндік өмір салтын, бүкіл болмыс ерекшелігін, айрықша арман-аңсарын, басқалармен байланыс мұраттарын білдіретінін атап айтты. Сонымен қатар рәміздер туралы ұрандар айтылып, ақындардың өлеңдері оқылды. Жиын соңында «Қазақстан Жалауы» өлеңі оқылып, Отан және Тәуелсіздік тақырыбында әндер орындалды.

**А.С.Ермагамбетова,
№2 Жалпы орта білім беретін
мектеп директорының тәрбие
ісі жөніндегі орынбасары**



Қаламыздағы оңды өзгерістер

КӨШПЕЛІ КЕҢЕСТЕ КӨРГЕНІМІЗ

Өткен сейсенбі, яғни мамырдың 30-жұлдызында Приозерск қаласы бойынша аумақтық өзін-өзі басқару кеңесінің мүшелері «Приозерск қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жол-аулаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің маманымен біргелікте қала көшелеріндегі, киылыстардағы және мекемелер маңындағы жөнделіп жатқан жолдар мен құрылатын ойын алаңдарын, аула алдыларын, орнатылатын отырғыштар мен коқыс салғыштарды, жол белгілерін т.б. коммуналдық нысандарды бақылау бойынша көшпелі кеңес өткізген болатын. Көшпелі кеңес жұмысын «Жарты түбектегі» жолдардың жөнделу жұмысын көруден бастады. Мұндағы «Озерная», «Госпитальная», «Центральная» және «Весенняя» көшелерінде орташа жөндеу жұмыстары 7835 шаршы метр аумақты қамтыған және аталған жұмыстарға 30 318 мың теңгенің қаражаты жұмсалыпты. «Озерная» көшесіне баратын жолдағы шұғыл бұрылыс екі жағынан тағы да кеңейтіліп, жол ортасына арнайы кедергі орнатылмақ. Енді бұл көшелерге жол белгілерін орнату жұмыстары да жуық арада аяқталмақ.

Сондай-ақ қаладағы балабақшаларға тас жолдарды жеткізу жұмыстары да аяқталу қарсаңында. Атап айтқанда «Балақай», «Айналайын» балабақшаларына және 06708 әскери бөлімінің әскери көліктерге арналған паркіне дейінгі жол, Кисунько көшесіндегі жолдан Космонавтов көшесі 5-үйге дейінгі жолдардың асфальттануы өз мәресіне жеткен. Енді жақын күндерде осы аумақтарға бордюрлар қойылып, көлік қоятын орындар жасалынып бітеді. Б.Момышұлы 3, 5, БСА 34, 36, 28, 30, Р.Қошқарбаев 7/1, 7/2, 9, Гвардейская 10, 12, Космонавтов 5, Д.Н.4/1, Ағыбай батыр 3, 5, Абай 7, 9, 11, 17/3, Кисунько 13/1, 15/1 көшелері маңдарындағы жолдардың орташа құрылыс-жөндеу жұмыстары 16 938 шаршы метрді құрап, оған жалпы 122 693 мың теңгенің қаражаты қаралған. Сонымен қатар қалаішілік жолдардың шұқыр, тесіктерін жамау-жасқау жұмыстары да қатар жүргізілуде екен. Тағы бір айта кетерлігі, би-

ылғы жоспар бойынша БСА 34, 36, Дружба народов және Абай 7, 9, 11 көшелерінде балалар ойын алаңдары кешені орнатылады. Жалпы жолдарға 29 жол белгілері қойылатын көрінеді.

Қаладағы қызу жүргізіліп жатқан жол жөндеу, аулаларды абаттандыру жұмысын Қарағанды қаласынан келген «Қарақол» жол жөндеу кәсіпорыны атқарады. Құрылыс-жөндеу жұмыстарын сапалы атқаруды мақсат еткен кәсіпорын басшылығы мен жұмысшылары жұмыс барысында демеушілік ретінде кейбір нысандардың маңындағы жолдарды ұзартып, кеңейтіп беруді де естен шығармапты. Қаламыздың күн санап жайнап, жақсарып келе жатқанын көріп қуанып қалдық. Бұл жұмыстар жоспарға сай алдағы уақыттарда да жалғасын таба бермек. Ал, Приозерск қаласы бойынша аумақтық өзін-өзі басқару кеңесі құрылыс-жөндеу жұмыстарының барысы мен сапалы атқарылу шарасын алдағы уақыттарда да жалғастырып отырады. Қала тұрғындары тарапынан қандай да бір қала өміріне байланысты сауалдары мен түйткілді мәселелері, ұсыныс-талаптары болса кеңестің кез-келген мүшесіне немесе төрағасына жолығып, айтуына болады.

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
аумақтық өзін-өзі басқару кеңесінің мүшесі.**

4-маусым – Мемлекеттік рәзімдер күні

РӘМІЗДЕРІМІЗ – АЙБЫНЫМЫЗ

(соңы. басы 1 бет.)

өзін-өзі түйсінуі көрініс береді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауы туралы» «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы туралы», «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұранының музыкалық редакциясы туралы» заңдарға қол қойған күннен бастап Қазақ елі өзінің мемлекеттік рәміздеріне ие болды. Содан бергі аралықта Қазақстан Республикасы дербес, тәуелсіз ел деп бүкіл әлем мойындап, ол негізгі халықаралық ұйымдарға мүше болып қабылдана, соның белгісі ретінде осы елдік айшықтарымызды да танып отыр!

Қазақ елі ұлан-байтақ. Бір қиырынан екінші қиырына дейін ұшқан құстың қанаты талып, жортқан аңның тұяғы шағылған деп суреттеледі аңыздарда. Айтса айтқандай, батысынан шығысына 3000 шақырым,

солтүстігінен оңтүстігіне 1600 шақырым, жалпы аумағы 2717.3 мың шаршы шақырым алып аймақты қалай өсірелесе де тұрарлық. Осындай кең-байтақ жерге не жас, егеменді еліміздің өзге елдердегідей өз «іңгәсі» бар. Ол- көтерген Туы мен Елтаңбасы, асқақтата әуелеткен Әнұраны. Еркіндікке ұмтылған қай ел, қай халық та өз даусымен сөйлеуді, өз үнімен жар салуды армандайды. ҚР-ның Ата заңының 9-бабында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері – Туы, Елтаңбасы және Гимні бар», - делінген. Біздер тәуелсіз қазақ елінің ең жас ұландарымыз. Сондықтан өз жерімізді, өз елімізді әкелер мен аталарымыз сияқты қадірлеуге, сүюге қорғауға тиіс екенімізді естен шығармайық.

**Жолмұрат КЕҢЕСОВ,
«Приозерск қаласының мемлекеттік
архиві» КММ-нің басшысы.**

Мемлекеттің бағдарламаның орындалысы

«ҮШТҰҒЫРЛЫ ТІЛ» САЯСАТЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ БІРІНШІ БОЛЫП ДАМУДА КӨЗДЕЙДІ

Біздің елімізде әрбір ұлыс өз тілдерін еркін меңгеріп, өз тілдерінде сөйлей алады. Әрбір ұлттың өзінің ана тілдерінде еркін сөйлеуі Қазақстандық демократияның айқын көрінісі. Біз осындай демократияның арқасында ғана әлемге танылып, жер жүзінде бейбітшілік үстемдігін жасай аламыз.

Қазақ елі әлемдегі дамыған мемлекеттердің қатарына қосылуға ұмтылуда. Дамыған, өркениетті мемлекеттердің қатарына қандай құндылығымызбен барамыз деген мәселе ойға оралады. Қазақстан жұртшылығы тәуелсіздік дәмін татып, ақырын жүріп анық басып, біртіндеп алға озып келеді. Елбасымыздың әуел баста ұстанған мақсаты-елдің тыныштығын, береке бірлігін, халықтар достығын, өзара ынтымақтастығын көздің қарашығындай сақтап, рухани байлықты дамытып, бәсекеге қабілетті, сауатты, салауатты ұрпақ тәрбиелеу болатын. Сол мақсат аясында соңғы уақытта үш тұғырлы тіл мәселесін көп алға қойып отыр.

Елбасымыз еліміздің дамыған елдердің қатарына қосылу мақсатында жүргізіліп отырған «Үш тұғырлы тіл» саясатын шын мәнінде, елдің ертені үшін керек екенін баса айтты. Нұрсұлтан Назарбаев, Қазақстанда заң мамандары, экономика мамандары өте көп және жұмыссыз жүр. Көп компаниялар мен кәсіпорындар заңгерлер мен экономистерге зәру. Сол олқылықтарды толтыру мақсатында «Үш тұғырлы тіл» идеологиясы дүниеге келіп отыр. Үш тілді меңгерген, кез келген жерден ақпарат ала алатын, өз ісінің білгірі, бүкіл әлем бойынша қатынасқа түсіп, жер бетінің кез келген нүктесінде бизнес жасайтын кадрлар ауадай қажет. Осы мәселелерді «Үш тұғырлы тіл» саясаты оп-онай шешіп бере алатындығын сеніммен айтты. Әрине, бұл орынды айтылған пікір. Біз осы үштілділік туралы айтылған ойды құптауымыз керек. Үш тілді ішінде қазақ тіліне басымдық беріліп, қалған екі тіл сол ана тілімізге бағынышты күйде болатынын кейінгі ұрпаққа түсіндіруіміз қажет. Қазақстан халқының рухани дамуымен қатар, бұл идея ішкі саясатымыздың жеке бағыты болып белгіленді. Қазақстанды бүкіл әлем халқы үш тілді бірдей пайдаланатын жоғары білімді мемлекет ретінде тануы керек.

Қай заманда болсын, бірнеше тілді меңгерген мемлекеттер мен халықтар өзінің коммуникациялық және интеграциялық қабілетін кеңейтіп отырған. Бүгінгі таңда елімізде көп

тілді меңгерушілік жалпыға ортақ норма болып саналады. Қазақстан үшін үштұғырлы тіл-елдің бәсекеге қабілеттілікке ұмтылуындағы бірінші баспалдағы болып саналады. Өйткені, бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетін қазақстандықтар өз елінде де, шетелдерде де бәсекеге қабілетті тұлға айналады. «Жеті түрлі ілім-біл, жеті жұрттың тілін біл» деген нақыл сөздің де шығуы тегін емес. Сол сияқты әр пән бойынша, әр сабақта мүмкіндігінше үш тұғырлы тілді қолдансақ, болашақта еліміздің елу елдің қатарына қосылуына үлесімізді тигізетініміз әбден мүмкін.

Бірінші сыныптарда ағылшын тілі пәнін енгізу идеясы да жақсы нәтиже береді деп сенемін, өйткені, қазіргі оқушылардың ақпаратты жылдам қабылдауы, жаңа сөздерді жадында сақтауы өте жоғары дәрежеде. Қазір олар жиі қолданатын планшет, нетбук, компьютер сөздері ағылшын тілінен алынған сөздер екенін біледі, түсінеді, ажырата алады. Тіл арқылы өзге елдің мәдениетін, тарихын білуге болады. Тіл үйрету туралы жазылған әдістемелік және ғылыми материалдарды оқи отырып, үш тілде оқытудың тиімділігіне тоқталуды жөн өрдім. Заман ағымына сай мен де оқушыларыма сабақ барысында кейбір зат есімдерді, сергіту сәттерін және мақал-мәтелдерді үш тілде меңгертуді алдыма мақсат етіп қойдым.

Қорыта келгенде, Қазақстан жерінде тұратын азаматтардың басын біріктіретін тіл ретінде қазақ тілі көш бастауы керек. Біз мемлекеттік тілді және шет тілдерді үйренуіміз керек. «Білекке сенер заманда - ешкімге есе бермедік. Білімге сенер заманда-қапы қалып жүрмейік», - деп Абылай хан өз заманында айтып кеткендей, ертеңгі күннің болашағы бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек білімге ғана тән екенін естен шығармайық. Мынандай шарықтау заманында көп тілді игергенге ешкімнің таласы болмайтыны анық. Сондықтан қазақ, орыс және шет тілдерінің ішінде көбіне көп қолданылып жүрген ағылшын тілін жетік меңгерген ұрпақ өсіріп, оларға үлгі бола білу-әрбір ұстаздың парызы деп ойлаймын.

**Г.К. Қасымова,
«Приозерск қаласының білім бөлімі» ММ
басшысы**

Коротко

КАЗАХСТАН ПОЛУЧИЛ СТАТУС СВОБОДНОЙ ОТ ЯЩУРА ЗОНЫ

Впервые за годы независимости территория Республики Казахстан признана свободной от ящура зоной. Об этом в ходе пресс-конференции заявил первый вице-министр сельского хозяйства Кайрат Айтуганов, сообщает корреспондент Kazpravda.kz.

В рамках исполнения поручений Главы государства по увеличению объемов экспорта продукции АПК Правительство реализует комплекс мер в данном направлении.

На международном уровне при экспорте

и импорте обязательным условием является наличие статуса благополучной территории по ящуру.

"Наличие статуса дает возможность нашей стране экспортировать в страны ВТО продукцию животного и растительного происхождения. Это позволит реализовать экспортный потенциал нашего агропромышленного комплекса, а также позитивно повлияет на развитие внешнеторговой деятельности отечественных предпринимателей", сообщил вице-министр.



КӨМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫ ЖӘНЕ ЖАСТАРДЫ АЗАМАТТЫҚ-ОТАНСҮЙГІШТІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ, КӨМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР АРАСЫНДА ЭКСТРЕМИСТІК ҚЫЗМЕТТІҢ АЛДЫН АЛУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗУ

2017 жылдың 5 айында көмелетке толмағандарды және жастарды азаматтық - отан сүйгіштікке тәрбиелеуге бағытталған 7 іс-шара ұйымдастырылып өткізілді.

«Приозерск қаласының жастар ресурстық орталығы» КММ-ның және «Білім бөлімі» ММ-ның ұйымдастыруымен қаңтар айында «Әлемді бізбен таны» атты көрме байқауы өткізілді. Бұл шарамен жоғары сынып оқушылары қатысып, барлығы 120 адам қамтылды.

2017 жылдың ақпан айында жастарда патриоттық сезімін ояту мақсатында, Ауғанстаннан әскерлердің шығарылғанына 28 жылдығына орай «Ерлік, Міндет, Аброй» атты мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Мерекелік іс-шараға Ауған соғысының ардагерлері, жоғарғы сынып оқушылары, қаламыздың жастары және әскери қызметкерлер қатысты.

Наурыз айында «ЭКСПО-2017 – бола-

шақтың берік негізі» атты көрме конференциясы өткізіліп, 150 адам қамтылды.

2014 жылдан бастап дәстүрге айналған карттарды ұлықтау оларға көмек көрсету мақсатында, «Ардағым - Ардагерім» атты жоба аясында қаламыздың еріктілер қозғалысы мен белсенді жастары бірігіп қаламыздың ҰОС ардагерлері мен көмекке мұқтаж зейнеткерлерге көмек көрсетеді. 2017 жылы акция барысында 1 топқан бойынша 2 ардагерлерге көмек көрсетілді.

2017 жылдың сәуір айында «Мен Отан қорғаушымын – 2017» атты әскери патриоттық акциясы өткізілді. Бүгінде әрбір ер азаматқа әскерге бару Отан алдындағы борышы болып саналады. Ата заңымызда «Қазақстан Республикасын қорғау-әр азаматтың қасиетті борышы және міндеті» деп көрсетілген. Отан үшін аянбай еңбек ету, қарулы күшінің қатарын толықтыру — патриоттық іс. Қаламыздың жастарының бойындағы патриоттық

сезімдерін ояту мақсатымен ұйымдастырылған аталмыш іс-шараға әскер қатарына шақырылған 25 азамат қатысты. Әскери өмірдің тыныс тіршілігімен танысу, оны өз бойларында сезіне білу үшін тангертеңгі уақыттан келген болашақ жас Отан қорғаушыларға 44841 әскери бөлімінің әскери қызметкерлері саптық дайындық атқарымын түсіндіріп шықты. Отан үшін аянбай еңбек ету, қарулы күштер қатарын толықтыру — патриоттық іс екендігін негіздеді. Жас Отан қорғаушылар гарнизон сарбаздарының қазармадағы тұрмыстық жағдайымен танысып, сұхбат жүргізді.

Жастар арасында діни экстримизм мен терроризмнің алдын алу бойынша 2017 жылға іс-шаралар жоспары құрылып, бекітілген. Аталған жоспарға сәйкес 2017 жылдың 5 айында 5 ісшара өткізілді.

27-қаңтар күні №1 жалпы орта білім беру мектебінде «Біз тұрақты Қазақстан үшін» тақырыбы бойынша ақпараттық мобильдік тобының кездесуі өткізілді. Кездесуге «Приозерск қаласының №1 жалпы орта білім беру мектебі» КММ-нің қызметкерлері, 9-10-11 сынып оқушылары қатысты. Кездесу барысында барлығы 120 адам қамтылды. Оқылған баяндамалар бойынша қатысушылармен талқылау жұмысы өткізілді.

17-ақпан күні №2 жалпы орта білім беру

Тұрғындардың назарына

мектебінде «Біз тұрақты Қазақстан үшін» тақырыбы бойынша ақпараттық мобильдік тобы кездесуі өткізілді. Кездесуге барлығы – 45 адам қатысты. Оқылған баяндамалар бойынша қатысушылармен талқылау жұмысы өткізілді.

23 ақпан күні Приозерск қаласы жастар ресурстық орталығының «Біз тұрақты Қазақстан үшін» тақырыбы бойынша ақпараттық мобильдік тобының Приозерск қаласының №47 өрт сөндіру бөлімінің қызметкерлерімен кездесуі өткізілді.

2017 жылдың 2 наурыз күні Приозерск қаласы жастар ресурстық орталығының «Біз тұрақты Қазақстан үшін» тақырыбы бойынша ақпараттық мобильдік тобы «Балақай» бөбекжайының қызметкерлерімен кездесуі өткізілді.

10 - наурыз күні сағат 10.00-да «Приозерск қаласының жастар ресурстық орталығы» КММ-ның «Біз тұрақты Қазақстан үшін» тақырыбы бойынша ақпараттық мобильдік тобының ҚР ҚМ Приозерск қаласындағы гарнизондық офицер үйінің жанында кездесуі өткізілді.

Ж. Дулатова,
Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімбасшысының орынбасары

ЧТО ТАКОЕ ПРИВАТИЗАЦИЯ?

На заре приватизации в начале 90-х годов большинство граждан Казахстана стали владельцами частной собственности — своих квартир. На тот момент многие это недооценивали. Но, как выясняется в настоящее время, квартира — это полноценный товар, имеющий значительную материальную ценность.

Приватизация жилья — это бесплатная передача государством в собственность

граждан занимаемых ими жилых помещений. Наниматель жилья из государственного жилого фонда вправе приватизировать квартиру с согласия всех совершеннолетних членов семьи, совместно проживающих с ним.

Следует отметить, что граждане вправе приватизировать только одно жилище из государственного жилищного фонда. Приватизация оформляется договором передачи жилого помещения, заключаемым с местной

администрацией (отделом ЖКХ) в простой письменной форме. Причем право собственности на жилье возникает только с момента государственной регистрации договора приватизации в органах юстиции по месту нахождения квартиры.

Не надо забывать, что на момент приватизации все лица, прописанные и проживающие в квартире, в том числе несовершенно-

летние и временно отсутствующие, указываются в договоре приватизации, и, следовательно, квартира переходит в общую совместную собственность всех нанимателей, согласно ст. 13 Закона РК «О жилищных отношениях».

ГУ «Отдел ЖКХ, ПТ, АД и ЖИ» г. Приозерск

Консультация юриста

Внимание населения

ПОЗАБОТЬТЕСЬ О СВОЕМ ЗДОРОВЬЕ - ПРОЙДИТЕ МЕДОСМОТР

СКРИНИНГ - это профилактический медицинский осмотр здоровых лиц определенного возраста для выявления факторов риска и заболеваний на ранних стадиях, тем самым повышая эффективность лечения и предупреждая развитие осложнений.

Объем скрининга включает:

Антропометрические измерения (рост, масса тела, окружность талии), измерение артериального давления, измерение внутриглазного давления в возрасте 40, 42, 44, 46, 48, 50, 52, 54, 56, 58, 60, 62, 64, 66, 68, 70 лет. Определение уровня холестерина и глюкозы крови в возрасте 18, 25, 30, 35, 40, 42, 44, 46, 48, 50, 52, 54, 56, 58, 60, 62, 64. Электрокардиография - по показаниям. Осмотр кардиолога, эндокринолога, офтальмолога - по показаниям.

Анализ крови на маркеры хронических гепатитов В и С у детей и взрослых - из группы риска.

Чтобы исключить патологические изменения, способствующие возникновению рака, а также выявить опухоли на ранних стадиях развития, необходимо пройти женщинам:

-цитологическое исследование мазка из шейки матки для исключения патологических изменений в возрасте 30, 35, 40, 45, 50, 55, 60 лет.

-осмотр акушер - гинеколога, кольпоскопия - по показаниям;

-рентгенологическое исследование молочных желез (маммография) в возрасте 50, 52, 54, 56, 58, 60 лет;

-осмотр маммолога, онколога –по пока-

заниям.

Мужчинам и женщинам в возрасте 50, 52, 54, 56, 58, 60, 62, 64, 66, 68 и 70 лет:

-тестирование кала на скрытую кровь на раннее выявление заболеваний толстой и прямой кишки;

-осмотр хирурга, проктолога, гастроэнтеролога, эндоскопическое исследование толстой и прямой кишки –по показаниям.

Эти исследования позволяют выявить на ранних стадиях сердечно-сосудистые, онкологические заболевания, сахарный диабет, глаукому, гепатиты, когда еще возможно предупредить такие грозные осложнения как: инсульт, инфаркт, слепота, цирроз и рак печени, рак толстой кишки, молочной железы и шейки матки, а также преждевременную смертность от данных заболеваний.

В Казахстане скрининг входит в перечень Гарантированного объема бесплатной медицинской помощи.

Скрининг проводится в медицинской организации, к которой Вы прикреплены.

Если Ваш возраст указан – пройдите профилактический медицинский осмотр

(скрининг!)

Каждый гражданин Республики Казахстан должен пройти ПРОФИЛАКТИЧЕСКИЙ МЕДИЦИНСКИЙ ОСМОТР!

Если Вы состоите на ДИСПАНСЕРНОМ УЧЕТЕ и у Вас имеется хроническое заболевание - необходимо в ближайшее время обратиться к своему врачу и выполнить его рекомендации!

КСВЕДЕНИЮ!

С целью улучшения качества обслуживания населения, уменьшения очередности, в поликлинике организован прием пациентов по предварительной записи в регистратуре КГП «Центральная больница г Приозерск» по телефону 5-32-08, где по Вашему усмотрению будет определена дата, время посещения врача с регистрацией в электронном варианте через программу КМИС, где также Ваши данные будут видны в компьютере врача, ведущего прием.

А.К.Кутжанова,
врач ЗОЖ

Спорт

ӘКЕМ, АНАМ ЖӘНЕ МЕН – ЖАНҰЯЛЫҚ СПОРТПЕН

Өткен аптада қаламыздағы №1 жалпыбілімдік мектептің спорт залында аталмыш тақырыпта «Жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыбында «Әкем, анам және мен – жанұялық спортпен» отбасылық спорттық жарыс өткен болатын. Оған қала бойынша 5 команда қатысты, олар: «Айналайын», «Балақай», «Еркетай» балабақшалары мен

№1 мектеп жән №2 мектеп командалары. Осы спорттық ойында ерекше ойын көрсетіп, ептіліктерімен көзге түскен отбасыларға Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Нұртай Абдурахимұлы Стамқұл жеңімпаз дипломдары мен естелік сыйлықтарын табыс етті. Бірінші орынды Балақай

бақшасынан Момбековтар отбасы таласыз жеңіп алды. Екінші орын «Айналайын» балабақшасынан Тұрдымұратовтар отбасына бұйырса, жүлделі үшінші орынды «Еркетай» балабақшасынан Жұмамұратовтар отбасы иеленді.

Н.ӨТЕП.

Суретте: жсарыстан көрініс



Собственник: ИП Бухарбаева А.А.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан
Свидетельство о постановке на учет СМН № 15037-Г от 26.12.2014г.
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-107.
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт:** www.prio-vestnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15. Заказ № 22/510. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: **+7-705-466-60-63**
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.